Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2-3 сәуір 2026 жыл

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті
А. Ермековтың 135 жылдығына арналған «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асыруға жастар ғылымының қосқан үлесі»
Республикалық студенттік ғылыми конференциясын өткізеді.

Конференцияда келесі секциялардың жұмысы жоспарлануда:

1. ***«Smart Energy: цифрлық технологиялар және энергияны үнемдеу»***
2. ***Заманауи IT шешімдері және жасанды интеллект технологиялары***
3. ***Интеллектуалды автоматтандыру және ЖИ-технологиялық процестерді басқару әдістері***
4. ***Радиоэлектрондық байланыс жүйелеріндегі цифрлық және зияткерлік технологиялар***
5. ***Цифрлық экономика жағдайындағы тау-кен металлургия кешенін дамытудың қазіргі заманғы сын-тегеуріндері мен технологиялық трендтері***
6. ***Цифрландыру дәуіріндегі Геология: деректер, модельдер, болжамдар***
7. ***Машина жасаудағы цифрлық технологиялар және интеллектуалды шешімдер***
8. ***Металлургия және материалтану саласындағы цифрлық технологиялар және ЖИ***
9. ***Цифрлық трансформация жағдайындағы көлік және логистика***
10. ***Жаратылыстану ғылымдарындағы цифрландыру***
11. ***Қоғамды цифрландыру жағдайындағы гуманитарлық ғылымдар***
12. ***Экономикалық ғылымдар цифрлық трансформация жағдайында***
13. ***Химия-биология ғылымдары***
14. ***Құрылыс пен сәулет өнерінде ЖИ құралдарын қолдану***

Конференция жұмысына Қазақстанның жоғары оқу орындарының, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің маңызды нәтижелері бар шетелдік жоғары оқу орындарының **студенттері мен магистранттары** шақырылады.

Конференцияға қатысу тегін.

Қатысу нысаны: күндізгі, online, сырттай.

Баяндамалардың тезистері, өтінім (қолтаңбасы бар сканерленген нұсқа) және тезистің көшіріп алынбағанын тексеру туралы анықтаманы (түпнұсқалығы кемінде 75%) электрондық түрде **conf@ktu.edu.kz** электрондық поштасына **2026 жылғы 10 наурызға** дейін жіберуді сұраймыз.

Конференция материалдарының жинағы конференция өткізілгеннен кейін электронды форматта шығарылады. Бұл ретте жинаққа маңызды ғылыми-практикалық деңгейі бар секциялық отырыстардың шешімдерімен ұсынылған баяндамалар ғана енгізілетін болады.

Анықтама телефоны: (8-7212) 56-52-34.

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы ***Сулеев Б.Д.***

«Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асыруға жастар ғылымының қосқан үлесі»
Республикалық студенттік ғылыми конференцияға
қатысуға өтінім

1.Автор (лар) дың аты-жөні _____
_____
2. Оқу орны, курсы, тобы _____
3. Ғылыми жетекшінің аты-жөні, ЖОО, кафедра _____
4. Баяндаманың атауы _____
5. Секция (нөмірі және атауы) _____
6. Бірінші автордың байланыс деректері (телефон, e-mail)_____

Қолдары

Тезистерді рәсімдеуге қойылатын талаптар

Суреттер мен кестелерді қоса алғанда, А4 форматындағы бір немесе екі **толық** парақ көлеміндегі тезистердің мәтіні Microsoft Word мәтіндік редакторында Times New Roman (KZ Times New Roman, Times/Kaz және т. б.) шрифтімен терілуі тиіс, өлшемі 14, интервалы - бір, барлық жолы – 25 мм. Тақырып бас әріптермен теріледі.

Файл атауында бірінші автордың тегі, университеттің қысқартылған атауы және құжаттың атауы көрсетіледі, **мысалы:** «А.Т. Қасымов ҚарТУ өтінім», «А.Т. Қасымов ҚарТУ тезистер», «А.Т. Қасымов ҚарТУ антиплагиат».

Баяндама авторларының саны (ғылыми жетекшісіз) екі адамнан аспауы тиіс.

Баяндама тезистерін рәсімдеу мысалы

ӘОЖ 020.20 А.Т. Қасымов - ҚарТУ студенті (ГД-19-1 тобы)
Ғыл. жет. – т.ғ.к., ҚарТУ доц. А.Р. Жайсаңбаев

ЖЕР ҚОЙНАУЫН СУМЕН АЖЫРАТУ, ҰҢҒЫМАЛАРҒА МҰНАЙ АҒЫНЫН ҚАРҚЫНДАТУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

…….…..…. мәтін …….
…….
Пайдаланылған көздердің тізімі (5-тен аспайды, 10к қарпі)……..

Мәтін өңделмейді және түпнұсқа болып табылады. Жоғарыда аталған барлық талаптарды сақтай отырып, материалдарды мұқият өңделген түрде ұсыну қажеттілігіне Сіздің назарыңызды аударамыз.

Талаптарды сақтамай ресімделген немесе белгіленген мерзімнен кеш берілген, сондай-ақ жариялауға ғылыми қызығушылық тудырмайтын баяндамалардың тезистері қабылданбайды және кері қайтарылмайды.

Конференцияны ұйымдастыру комитеті